

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

**«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МӘДЕНИЕТТІ
ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның (форумының) материалдар жинағы

**«АЛЬ-ФАРАБИ И ВОПРОСЫ МОДЕРНИЗАЦИИ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ
СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»**

сборник материалов международной
научно-практической конференции (форума)

Алматы
2020

ӘОЖ 001(063)

КБЖ 72

Ә 49

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакция алқасы:

А.Қ. Бижанов, саяси ғылымдарының докторы, профессор,
(жауапты редактор)

С.Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор

«Әл-Фараби және қазіргі қоғамдағы интеллектуалды мәдениетті жаңғырту мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның (форумының) материалдар жинағы. – Сборник материалов Международной научно-практической конференции (форума): «Аль-Фараби и вопросы модернизации интеллектуальной культуры современного общества». – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 280 б.

ISBN – 978-601-304-104-9

Шығыстың ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ғылыми форумның материалдар жинағына шетелдік және еліміздің көрнекті ғалымдарының баянадамаларының мәтіндері енді.

Жинақ гуманитарлық бағыттағы ғылым саласында қызмет ететін ғалымдар мен оқытушыларға, докторант, магистрант және студенттерге, сондай-ақ аталмыш мәселеге қызығушылық танытатын жалпы оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 001(063)

КБЖ 72

ISBN – 978-601-304-104-9

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2020

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Бижанов А.Қ. Әл-Фараби және қазіргі заман. Конференцияға кіріспе сөз.....	6
Курмангалиева Г.К. Феномен аль-Фараби в казахстанской философии: история, содержание и перспективы исследования.....	10
Сейтахметова Н.Л., Турганбаева Ж.Ж. Дискурсы «утраченной, навязанной и онтологической идентичности» в исламской философии: от аль-Фараби к постмодерну.....	21
Нысанбаев А.Н. Наследие аль-Фараби в контексте философии взаимопонимания....	31
Нұрышева Г.Ж., Хасанова А.М. Әл-Фараби мұрасының шетелде зерттелуі.....	36
Тайжанов А.Т. Әл-Фараби діни ілімнің, «тәңірлік» және азаматтық ғылымдардың өзара қатысы туралы.....	43
Соловьева Г.Г. Аль-Фараби о здоровье души и тела.....	50
Сидак Л.Н. Саморазвитие и лидерство: апология одной утопии.....	62
Кенжетай Д.Т. Фараби – өркениет ұстазы.....	72
Молтобарова К.И. Әл-Фараби идеялары – рухани және интеллектуалды мәдениетті жаңғыртудың қайнар көзі.....	87
Әлжан Қ.Ұ., Мямешева Г.Х. Аль-Фараби: путь к счастью и знанию.....	95
Раев Д.С. Әл-Фараби мұрасы: қоғамның этика-антропологиялық негіздері...	104
Нұрмұратов С.Е., Қасабекова Е.Қ. Әл-Фараби рухани мұрасы: құндылықтық басымдылықтар.....	112

Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия кафедрасының меңгерушісі,
философия ғылымдарының докторы, профессор;

Хасанова Ася Маратқызы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия
кафедрасының докторанты

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Рационалдық дәстүрдің көрнекті өкілі, ғұлама ғалым-энциклопедист Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге ислам философиясы ғана емес, Еуропа философтары да атасалысты. XX ғасырдың басында оның мұрасын А. Мец, Ф. Каплстон, А. Массэ, Ф. Габриэли және басқа ғалымдар зерттегені белгілі. Бұл дәстүр қазір де жалғасуды. Оның рухани мұрасына деген қызығушылықтың артып отырғанын атап өту қажет. Мысалы, әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған шаралар 1975 жылы Бағдад, Мәскеу және Алматы қалаларында ғана өтсе, қазір көлемді зерттеулер көптеген Таяу Шығыс, Еуропа, Америка университеттері мен ғылыми орталықтарының ғылыми-ізденіс бағдарламалары аясында жүзеге асырылып отыр. Мұндай зерттеулерді Орта ғасыр философиясы, араб философиясының тарихы, мәдениеттану және пәнаралық ізденістер салаларының жекелеген маман-ғалымдары да жүргізуде. Бұл ізденістердің нәтижелері көптеген монографиялар мен ғылыми мақалаларда, Encyclopaedia Iranica, Оксфорд және Стэнфорд философиялық энциклопедияларының қомақты тақырыптық бөлімдерінде баспа түрінде де, онлайн форматта да жарияланып келеді.

Қазіргі заманғы фарабитанушы ғалымның халықаралық жиынтық портретін беру қиын, себебі олар әртүрлі буынның, саналуан, кейде тіпті бір-біріне қарама-қарсы ғылыми көзқарастардың, мектептер мен бағыттардың өкілдері. Бірақ адамзат үшін әл-Фараби сияқты әмбебап ұстаздар, мәдениеттердің интеграторлары осынысымен құнды, үздіксіз жүргізіліп отырған мұндай ізденістер ғалымдардың халықаралық қауымдастығының әлеуетін де,

философиялық қауымдастықтың ішкі байланыстарын да нығайта түседі.

Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге бағытталған қазіргі заманғы ізденістерге қысқаша шолу жасалатын бірінші мақаламызды (француз, түрік, неміс фарабитанушылары туралы мақалалар да дайындалуда) Таяу Шығыс фарабитанушыларынан бастаймыз. Олардың басым көпшілігі араб елдерінде де, Еуропа мен Америкада да білім алып, ізденістер жүргізу және еңбектерін жариялау мүмкіндігіне ие болды.

Орта ғасыр философиясы бойынша ең беделді мамандардың бірі Ирак-Америка исламтанушысы және арабисі, Гарвард университетінің құрметті профессоры Мухсин Махди. Ол өз ізденістерін әл-Фарабидің әлемдік ғылыми қоғамдастыққа әлі беймәлім еңбектерін қалпына келтіріп, аударуға және өндеуге бағыттады. Оның түпнұсқаларды мұқият зерттеуінің маңызы аса зор. Мухсин Махдидің 1969 жылы алғаш жарық көрген *Philosophy of Plato and Aristotle: Al-Farabi's*. (Әл-Фараби: Платон мен Аристотель философиясы) [1] монографиясы төрт тілде 33 рет қайта басылып шықты. Автор әл-Фараби еңбектері терең талдау жасап, екінші Ұстазды дінді және оның саяси философияға қатысын түсінудің жаңа негіздерін қалауға ұмтылған ұлы ғалым ретінде көрсетеді.

Тағы бір беделді фарабитанушы – ортағасырлық ислам философиясын зерттеуші маман, Ливан, Ұлыбритания, Америкада дәріс жүргізген профессор Маджид Фахри. Ол – бірнеше рет басылып шыққан *A History of Islamic Philosophy* (Ислам философиясының тарихы) еңбегінің [2], сонымен қатар Екінші Ұстаздың өмірі мен туындыларын зерттеуге арналған *Al-Fārābī: Founder of Islamic Neoplatonism, His Life, Works and Influence* (Әл-Фараби: ислам неоплатонизмінің негізін салушы, оның өмірі, еңбектері және ықпалы) [3] монографиясының авторы. Маджид Фахри Фарабиді грек философиясы мен араби философиясын, мұсылмандық Шығыс пен латындық Батыстың арасын жалғастырушы көпір ретінде қарастырып, философия тарихында оның маңызының зор екендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, автор әл-Фарабидің философиялық мұрасының тарихи рөлі, оның әл-Газали, Ибн Бадж, Ибн Рушд сияқты ойшылдарға, Шығыс және Батыс философиясына жалпы ықпалы туралы өзіндік көзқарасын ұсынды.

1980-90 жылдары Таяу шығыс философтары әл-Фараби еңбектерін Аристотель негізін қалаған, Батыста кең тараған тіл философиясы және формалды логика негіздері тұрғысынан талдай бастады. Бейруттің Америка университетінің профессоры Фуад Хаддад *Al Farabi's Theory of Communication* (Әл-Фарабидің коммуникация теориясы) [4] еңбегінде әл-Фарабидің логикаға және оның грамматикаға қатынасын зерттейді. Таяу Шығыстық тарихшы және зерттеуші, бірқатар ғылыми кітаптар мен мақалалардың авторы, профессор Шукри Абед *Aristotelian Logic and the Arabic Language in Alfarabi* (Әл-Фараби еңбектеріндегі Аристотель логикасы және араб тілі) [5] монографиясында Аристотельдің логикалық трактаттарына әл-Фарабидің реакциясын жүйелі түрде, логикалық-лингвистік тұрғыдан зерттеді. Шукри Абед әл-Фараби ілімін тілді логика құралы және логиканы тілді талдау құралы ретінде түсіну арқылы қарастырады. Ол әл-Фараби Х ғасырда айттып кеткен көптеген тұжырымдар әлі күнге дейін өзекті екенін және оларды қазіргі философиялық мәселелерді шешу үшін қолдануға болатынын дәлелдеді. Шукри Абед әл-Фараби тіл, араб логиктері айтқандай, тілдің ішінде қалыптаспайды дегенін көрсетеді. Бұл пікір қазіргі заманғы тіл теорияларының ұстанымдарына сай келеді. Тілдің қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді, алайда терминдердің философиялық мағыналары ғана ең ерекше және маңызды болып саналады. Шукри Абед әл-Фарабидің араб тілінің кейбір қырларын талдауы (мысалы, Аристотель логикасына қатысты алғанда араб етістіктерінің жүйесі; осы шақты сөзбен айту мүмкін еместігі, етістіктердің арабша жүйесінің тағы да басқа ерекшеліктері) басқа кез келген тіл сияқты, араб тілі де әмбебап логикалық құрылымдарға сай келетінін, ал табиғи тілдер олардың нақты көрінісі ғана екенін көрнекі сипаттап берді [5].

Аралас тақырыпқа арналған тағы бір іргелі зерттеуді Ұлыбритания философы Салим Кемал жариялады. Кант пен Ницшені зерттей отырып, ол өз ізденістерінің бірін эллиндік логика дәстүрінің поэтика мен эстетиканың ортағасырлық мұсылмандық интерпретациясында бейнелеуін сараптауға арнады. Поэтиканы аргументацияның логикалық, өз алдына бөлек, жеке формасы деп санауға бола ма деген сұрақ қоя отырып, Салим Кемал өзінің *The Poetics of Alfarabi and Avicenna* (Әл-Фараби мен Ибн Синаның поэтикасы) [6] кітабында тарихи зерттеу жүргізіп,

эл-Фараби мен Ибн Сина поэтикалық дискурстің логикалық және моральдық күшін қалай негіздегенін, поэзияны логикалық түрде, яғни әмбебап ақиқат деп қабылдауға болатын дискурстің формасы деп неге атағанын талдайды. Өзінің кейінгі зерттеулерінде Салим Кемал эл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд поэтикалық ақиқаттылық (сұлулық) және қоғамдағы адамдар арасындағы әділ қарым-қатынастар (ізгілік) концепциясын қалай түсінетіндерін қарастырады.

Араб логикасының тарихы бойынша зерттеулерді Лейден университетінің (Нидерланды) профессоры, парсы және араб тілдерінен аудармашы, қайталанбас және жан-жақты салыстырмалы талдау болып саналатын *Al-Fārābī and Aristotelian syllogistics: Greek theory and Islamic practice* (Эл-Фараби және Аристотель силлогистикасы: грек теориясы және ислам практикасы [7]) еңбегінің авторы Джозеп Ламир жалғастырды. Ұлыбританияның белгілі фарабитанушысы Иан Неттон атап көрсеткендей, Джозеп Ламирдің Аристотель мен эл-Фараби аналитикасындағы парадигма мәселесіне арналған монографиясы «араб логикасын зерттейтін адам міндетті түрде оқуы тиіс негізгі еңбек». Кітап ислам құқығы, теологиясы және ислам саяси философиясы тарихына қызығушылық танытқан зерттеушілер үшін де өте пайдалы.

Әріптестері «Эл-Фараби мұрасы бойынша ағылшын тілінде жазылған ең үздік кітап» деп атаған тағы бір зерттеу – Америка философы және саясаттанушысы Кристофер Колмонның *Breaking with Athens. Alfarabi as Founder* (Афинадан бас тарту. Эл-Фараби – негіз қалаушы) монографиясы [8]. Эл-Фараби еңбегінің бұрын ескерілмеген қырларына назар аударып, Кристофер Колмо Екінші ұстазды Платон мен Аристотельдің ізбасары деуге болмайды деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, «Бақытқа жету туралы» трактатында эл-Фараби антика дәуірінен түпкілікті ажырап, жаңа саяси философияны – бақытқа жету философиясын қалыптастырды.

Фарабитанудың 1990 жылдардың ортасында Америкада гүлденуі Герберт Дэвидсонның *Alfarabi, Avicenna, and Averroes, on Intellect: Their Cosmologies, Theories of the Active Intellect, and Theories of Human Intellect* (Эл-Фараби, Ибн Сина және Ибн Рушд интеллект туралы: олардың космологиясы, белсенді интеллект теориялары және адам интеллектісі теориялары) [9] еңбегінің

жарыққа шығуымен байланысты. Бұл туындыда түпнұсқалар – интеллект мәселесі бойынша грек, ежелгі араб және Орта ғасыр ойшылдарының еңбектері терең және сапалы талданған. *Journal of Neoplatonic Studies* журналы Герберт Дэвидсонның осы кітабын «бірегей мәтіндер антологиясы» және оны Орта ғасырдың философиясы мен діни ойын зерттеушілер оқуға міндетті деп атады [10].

Екінші ұстаздың мұрасына арналған кейінгі зерттеулердің арасынан Америка философы Джошуа Паренстің *An Islamic Philosophy of Virtuous Religions: Introducing Alfarabi* (Ізгі діндердің ислам философиясы: әл-Фараби іліміне кіріспе) жұмысын атап көрсеткен дұрыс [11]. Ол әл-Фарабидің философиялық пайымдаулары қазіргі таңда аса өзекті дей отырып, «Әл-Фараби идеяларын зерттеу ислам саяси дүниесінің кең аясында, оған тән соғыс, тирания және әлемдік билік тақырыптарымен бірге жүргізілуі тиіс» деп тұжырымдайды. Паренс әл-Фараби «Бақытқа жету туралы» трактатында ислам дүниесінің жалпы танылуға ұмтылысында қандай үкімет пен дін қажет екені туралы пайымдайды дей отырып, әл-Фараби бірнеше ізгі діннің болуы мүмкін бе деген сұрақ қойғанына және оның шешімі діндердің бәрін тең деп жариялауда еместігін ескерткеніне назар аударады. Керісінше, әл-Фараби дінді саясаттан бөлмейді және бір дінді екіншісінен жоғары қоюдан бас тартпайды, ол өз оқырманына білім беруді көздейді дейді Паренс. Джошуа Паренстің пікірінше, осындай білім қазіргі мұсылмандар үшін де, мұсылман еместер үшін де ерекше маңызды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң шетелдік серіктесі, Философия кафедрасының докторанттарын дайындау ісіне атсалысып келе жатқан грек ғалымы, антика және Орта ғасыр философиясын зерттеу маманы Георгиос Стейрис өзінің еңбектерінде әл-Фараби саяси философияның діннен жоғары тұруы және философтарға мемлекет басқару ісін жүзеге асыру мүмкіндігін беру сияқты саяси феномендерге назар аударды деп жазады. *Globalization in the early Arabic philosophy* (Ежелгі араб философиясындағы жаһандану) [12, 77-86 бб.] мақаласында Стейрис әл-Фараби қаланы саяси ассоциация формасы ретінде сынайды, себебі қала тиранияны қолдайды деп есептеді деп тұжырымдады. Жаһандық саяси ассоциация құрудың қиындықтары туралы Әл-Фарабидің пайымдауларын қайта бағалау қазіргі заманғы адамзат үшін де өте пайдалы екені күмәнсіз.

Эл-Фараби мұрасын қазіргі дәуірмен салыстыра талдаған тағы бір ғалым – Американың жас саясаттанушысы және компарависі Александер Орвин. 2017 жылы жарық көрген *Redefining the Muslim Community: Ethnicity, Religion, and Politics in the Thought of Alfarabi* (Мұсылман қоғамын қайта қарастыру: әл-Фараби іліміндегі этникалық, дін және саясат) [13] монографиясында Александер Орвин саяси философия тарихында әл-Фараби өзінің ұлт немесе арабша «умма» тақырыбына риторикасымен ерекше орын алады деп атап көрсетеді. «Умма» термині жалпы ислам діни қоғамын да, сонымен қатар, осы қоғамды құрайтын түрік, парсы, және араб этникалық топтарын да сипаттауға қолданылады. Александер Орвин өзінің тұжырымдарын әл-Фарабидің «Музыка кітабы» сияқты энциклопедиялық мазмұнға ие трактаттарына, саяси еңбектеріне және логикалық комментарийлерге негіздейді. Кітаптың аннотациясында ол кезінде әл-Фараби зерттеген этникалық және діни уммалардың арасындағы шиеленіс қазір де сақталып, исламның әртүрлі ұлттарының саяси және мәдени пікірталастары бүгінгі таңда да жалғасып отырғандығын ескертеді. Орвиннің пікірінше, әртүрлі уммаларды елемей немесе басып-жаншымай, оларды мойындап, бейімделуді ұсына отырып, әл-Фараби мәдениет пен дінді тең қоятын қазіргі заманғы ислам өркениеті концепциясын алдынала жасай білді. Яғни, әл-Фараби әдеттегі мұсылман қоғамы сияқты аса қатаң, әртүрлі этникалық және діни топтарды тұтас құрылымға мәжбүрлі түрде біріктіруге бейім умманы емес, креативті жаңа умманы ұсынды. Орвиннің пікірінше, әл-Фараби ұсынған мәдени плюрализмді, діни икемділікті және саяси сақтықты қисынды үйлестіру әртүрлі қоғамдастықтар арасында қазір де сақталып отырған алауыздықты азайтуға бағыт-бағдар бола алады [13].

Мақаламыздың басында айтқандай, әл-Фарабидің рухани мұрасына қызығушылық жылдан жылға арта түсуде. Қазіргі заманғы компаравистік және пәнаралық зерттеулер әл-Фараби еңбектерінде ұсынылған маңызды алғышарттар мен дәйекті негіздерді жаңаша талдап, бүгінгі адамзат қойып отырған мәселелерді шешуге қолдануға жол ашады.

Әлемді жайлаған қиындыққа қарамастан, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналып өткізіліп жатқан онлайн шаралар қазіргі философиялық қоғамдастықтың мәдени ортақтығы мен

дәстүрлер күшінің және ғасырлардың үзілмейтін байланысының мықтылығының дәлелі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының фарабитанушылары да Екінші ұстаз туралы шетелде ағылшын, француз, неміс, араб, түрік тілдерінде жарияланған ғылыми еңбектерді зерттеуді жалғастыра отырып, осы іске өз үлестерін қосады.

Әдебиеттер:

1. Muhsin Mahdi. Philosophy of Plato and Aristotle: Al-Farabi's. Ithaca, N.Y.: Cornell University Press, 1969, 158. Al-Farabi's Philosophy of Plato and Aristotle. Ithaca, N.Y.: Cornell University Press, 2001.
2. Fakhry Majid. A History of Islamic Philosophy. Columbia University Press, 2004, 430.
3. Fakhry Majid. Al-Fārābī: Founder of Islamic Neoplatonism, His Life, Works and Influence. Oneworld Publications, Oxford. 2002,177.
4. Haddad Said Fuad, Al Farabi's Theory of Communication. AUB Press 1989, Beirut; Syracuse Univ. Press, 1989, 192.
5. Abed Shukri. Aristotelian Logic and the Arabic Language in Alfārābī. Albany: State University of New York Press, 1991, 201.
6. Kemal Salim. The Poetics of Alfarabi and Avicenna. Leiden: E.J. Brill, 1991, 284.
7. Lameer Joep. Al-Fārābī and Aristotelian syllogistics: Greek theory and Islamic practice. Brill, 351.
8. Colmo Christopher. Breaking with Athens. Alfarabi as Founder. Lexington Books, 2005, 200.
9. Davidson Herbert. Alfarabi, Avicenna, and Averroes, on Intellect: Their Cosmologies, Theories of the Active Intellect, and Theories of Human Intellect. Oxford University Press, 1992, 384.
10. <https://www.amazon.ca/Alfarabi-Avicenna-Averroes-Intellect-Cosmologies/dp/0195074238>
11. Parens Joshua. An Islamic Philosophy of Virtuous Religions: Introducing Alfarabi. State University of New York Press, 2006.
12. Steiris Georgios, Globalization in the early Arabic philosophy. Παγκοσμίωση και Δημοκρατία (Globalization and Democracy). 2009, Athens: International Scientific Society of Ancient Greek Philosophy, c.77-86.
13. Orwin Alexander. Redefining the Muslim Community: Ethnicity, Religion, and Politics in the Thought of Alfarabi. University of Pennsylvania Press, 2017, 250.

**«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МӘДЕНИЕТТІ
ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның (форумының) материалдар жинағы

**«АЛЬ-ФАРАБИ И ВОПРОСЫ МОДЕРНИЗАЦИИ
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ
СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»**

сборник материалов международной
научно-практической конференции (форума)

Дизайн и верстка: ***Ж. Рахметова***

РГКП «Институт философии, политологии
и религиоведения» КН МОН РК

Подписано в печать 10.06.2020.

Формат 60x84 $\frac{1}{16}$

Печать офсетная. Бумага офсетная.

Усл. печ. л. 17,5.